

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ –
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

I БӨЛІМ

25 мамыр 2016 ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ I

25мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IX Astana Economic Forum

PART I

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-І 551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент
Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф.еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)

ББК 65.9(5Қаз)-551я431

Ұтымды емес саясаттың, ресурстарды мақсатты пайдалану мен ресурстардың трансформациялануы нәтижесінде кәсіпорынның қаржы жүйесі ресурстарды өндіру және тұтыну арасындағы алшақтықты уақытылы сапалы түрде жоя алмауына, қаржылық тәуекел мәселелеріне тап болады.

Қорытындылай келе, дағдарысқа қарсы кәсіпорынның қаржы ресурстарын басқару саясаты қаржылық басқару ерекшеліктерін ескеріп, дағдарысқа қарсы басқарудың шешімдерінің қажеттігі туындайды.

Әдебиеттер:

1. <http://www.stat.gov.kz/> Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика комитетінің ресми сайты Ресми статистикалық ақпарат. Жедел деректер (жедел ақпарат, бюллетендер). Кәсіпорын қаржысы.

2. <http://www.stat.gov.kz/> Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика комитетінің ресми сайты. Пайда тапқан және залал шеккен кәсіпорындардың үлестік бөлінуі.

3. <http://www.stat.gov.kz/> Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика комитетінің ресми сайты. Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері бойынша кәсіпорындарды топтастыру.

4. <http://regnum.ru/news/economy/2081166.html> О развитии экономики Казахстана по итогам 2015 года

ӘЛЕМДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАҒДАРЫС ЖАҒДАЙЫНДА АҚША-НЕСИЕЛІК САЯСАТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БАҒЫТЫ

Кушербаев Б.П., Алысбаева А.К., Бекболсынова А.С.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

E-mail: Mr.Bagdat@mail.ru, alpyspaeva_ainura@mail.ru, bekas.ast@mail.ru

Қазіргі жаңа экономикалық қарым-қатынастары қалыптасуы кезінде, мемлекеттің рөлі стратегиялық мақсаттарына сәйкестендіре ақша-несие саясатын қалыптастыру болып табылады. Қаржы нарығында ақша мөлшері баға деңгейіне әсер ету ықпалын күшейтті, сұраныс пен ұсыныстың өзгеруі салдарынан ақша қозғалысын реттеу тәртібін таңдау өзекті мәселеге айналды.

Экономикалық реформаларын жалғастыру үшін, Үкімет пен Ұлттық Банк бірлесе отырып тұрақты ұзақмерзімді өсуін қамтамасыз ету үшін жаңа ақша-несиелік саясатын қабылдады, ол әлемдік экономикадағы кері құбылыстары күшеюін ескере отырып жасалған.

Осыған байланысты, 2015 жылғы 20 тамыздан бастап инфляциялық таргеттеу режиміне негізделген жаңа ақша-несиелік саясатын іске асыруға кірісу үшін, валюталық дәліздің күшін жойып және еркін өзгермелі айырбастау бағамы тәртібі енгізілді [1].

Таргеттеу - (ағылшын. target мақсат) ұлттық банк ақша жүйесінің алдағы мақсаттарын анықтау, ақша массасы өсу қарқынын реттеу негізінде өз саясатын жүргізу.

Қалыптасқан халықаралық тәжірибеге сәйкес орталық банктер ақша-несиелік саясатын жүзеге асыруда әдетте мақсатты нысана белгілейді, олар келесі:

- валюталық бағамы;
- инфляцияға қатысты;
- ақша агрегаттарына байланыстра қаралады.

Орталық банк валюталық бағамына қарай таргеттеу жүргізу кезінде үш негізгі стратегиялық мақсаттарын көздейді:

- экспортқа шығарылатын отандық өнімдердің бәсекелес қабілеттілігін арттыру;
- девальвация негізінде қымбат импортты тауарларын арзан отандық өнімдерімен алмастыруды ынталандыру;

- макроэкономикалық деңгейде халықаралық нарықтағы пайыз мөлшері жоғарлауы немесе жағымсыз сыртқы сауда жағдайы серпілістерін тоқтатуға қол жеткізу.

Халықаралық деңгейде Латын Америкада және Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінде мол тәжірибесі жиналған. АҚШ Дартмут колледжі (Dartmouth College) экономистері М. Клейн и Н. Мэрион Латын Американың 16 мемлекеттерінде валюталық бағамын реттеу саясатының 61 үлгісін зерттей отырып экспортқа бағытталған экономикалық өсу қарқынын байқаған. Салыстырмалы түрде валюталық бағамы өзгерістерін қарайтын болсақ Латын Америкада 14,7% дан 43,5 % дейін, ал Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде 2,3% дан 11,2 % дейін қалқуы байқалды. Бұл валюталық бағамы арасындағы айырмашылықтары инвестиция тарту саясаты салдарына байланысты түсіндіріледі, Латын Америка елдері өз ішкі ресурстарына сүйенген, ал Оңтүстік-Шығыс Азияда шетел инвестиция үлесі басымды болғандықтан күрт қалқуды болдыртпауға тырысқан.

Чили (1985—1992 гг.). мемлекетінің тәжірибесіне жүгінсек валюталық бағамын таргеттеу жүргізу бойынша алдыңғы қатарда келеді. Орталық банк ақша-несиелік саясатын жүргізуде операционды нысана ретінде нақты пайыз мөлшері қарастырылған. Чили Орталық банкі ішкі нарықта бір қалыпты тұрақты бағаларын сақтауды көздеген, бірақ ол бағалар АҚШ мемлекетімен салыстырғанда 85% деңгейін құраған. Ақша-несиелік саясаты жемісі ретінде шетел инвестициялары экономикаға тартылуын ынталандырды, ал кейін оның соншалықты көп болғаны валюта нарығына қысым жасай бастады, сондықтан 1992 жылы ұлттық валютасы песо 5% ревальвация жүргізуге тура келді [2].

Инфляциялық таргеттеу саясатын жүргізу үшін алдын ала белгілі бір шарттарын орындалуы тиіс, оларды топтастыратын болсақ, олар келесі:

1 топ, бұл біріншіден орталық банктің еркін саясат жүргізуге құлқысы болуы және есеп беру тәуелсіздігін анықтау. Екіншіден ашық және жариялы түрде ақша-несиелік саясатын өткізу, халық сенімділігіне иелену үшін.

2 топ, бұл макроэкономикалық шарттарын құру: оның ішінде мемлекеттік бюджет тапшылығы болмауы және төмен мемлекеттік берешек деңгейі қалыптасуы, заң жүзінде бюджет шығындарын қаржыландыруға орталық банкті қатыстырмау.

3 топ, бұл қаржы нарығы қызмет ету үшін оның қаржылық тұрақтылық қамтамасыз ету. Қаржы нарығында ақша-несиелік саясатын іске асыру үшін қаржылық құралдар түрлерінің жеткілікті болуы, сиымды және өтімді мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы қалыптасуы.

4 топ, бұл ақша-несиелік саясатын жүзеге асыру кезінде, оның құралы ретінде алдыменен операционды нысанды анықтап алған жөн. Дамыған елдердің орталық банктері операционды нысана ретінде қысқа мерзімді пайыз мөлшерін пайдаланады.

Инфляциялық таргеттеу кезінде негізінен икемді ұлттық валюта бағамын пайдалануы байқалады және ол тек дамыған елдеріне тән. Дамушы елдерде, оның ішінде шикізатты экспортқа шығарумен айналысатын болса ақша-несиелік саясаты валюта айырбас бағамына тәуелді болып келеді. Осыған байланысты орталық банктері инфляциялық таргеттеу жүргізу кезінде валюталық бағамы қозғалысын реттеу үшін валюталық интервенция шабуыл жасауға мәжбүр [3].

Отандық тәжірибеде Ұлттық банк алғашқы ақша-несиелік саясатын жүргізу кезінде 2000 жылға дейін ақшалай таргеттеу тәртібін пайдаланған. Ұлттық банк ақша агрегаттарын таргеттеу саясатын тоқтатуға мәжбүр болды, өйткені инфляция қарқынымен ақшалай агрегаттар арасында тұрақты қатынастары жоғалуына байланысты. Ал 2004 жылдан бастап инфляциялық таргеттеу тәртібіне көшуге әрекет жасалды, бірақ толық алдын ала шарттары объективті себептермен орындалмағандықтан іске аспады.

Қазіргі кезде инфляциялық таргеттеу режиміне көшуден бастап теңгенің айырбастау бағамы іргелі ішкі және сыртқы макроэкономикалық факторларды ескере отырып нарықтық сұраныс пен ұсыныстың негізінде қалыптасады. Бұл айырбастау бағамының өзгерістері әлсіреу жағына, сол сияқты нығаяу жағына қарай ауытқуы мүмкін болады, бұл әлемдік экономикадағы және ішкі валюта нарығындағы ахуалмен айқындалатын болады [4].

Ұлттық Банк теңгенің айырбастау бағамының нарықтық деңгейін қалыптастыруға араласпайды, бірақ еліміздің қаржы жүйесінің тұрақсыздану қаупі туындаған жағдайда валюталық өктемдік жүргізу жолымен ішкі валюта нарығына қатысу мүмкіндігін өзіне қалдырады.

Мемлекеттің араласуынсыз нарықтық сұраныс пен ұсыныс негізінде айырбастау бағамын қалыптастыру экономикалық өсуді қалпына келтіру, несиелік және инвестициялық белсенділікті арттыру, жаңа жұмыс орындарын құру және ортамерзімді перспективада инфляцияны 3-4 пайызға дейін төмендету үшін қажетті алғы шарттар жасайды.

Инфляциялық таргеттеуге негізделген жаңа ақша-несиелік саясатын іске асыру экономикалық саясаттың стратегиялық міндеттері, келесі:

- отандық экономиканың ұзақмерзімді орнықты өсуін қамыту;
- инфляцияның төмен деңгейіне қол жеткізу;
- жұмыспен қамту деңгейін арттыру;
- ел халқының әл-ауқатын жақсарту міндеттерін шешуге ықпал ету.

Үкімет пен Ұлттық Банк халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарын қолдау және бағаның негізделмеген өсуіне, әсіресе әлеуметтік маңызы бар өнімдер мен көрсетілетін қызметтерге бағаның өсуіне жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайтын болады.

Ұлттық Банк тарапынан жүргізіп жатқан ақша нарығындағы реформаларын жақтаушыларымен қатар қарсылық білдірушілерде жетеді. Мысалы ресейдің РосБизнесКонсалтинг сараптаушылардың айтуы бойынша «теңге девальвациясына ұшырау сөзсіз», өйткені бір жағынан Brent сұрыпты мұнайдың әлемдік бағасының бір баррель үшін 112 АҚШ долларынан (2014 жылғы маусым) бір баррель үшін 56 АҚШ долларына дейін (2014 жылғы желтоқсан) 50%-ға, сондай-ақ Қазақстан экспортының негізгі тауарлары болып табылатын металдар бағасының төмендеуі жақын перспективада елдің төлем балансының жай-күйіне теріс әсер тигізуде. Екінші жағынан жақында қытай юань девальвациясы жүргізілді, ол көптеген дамып келе жатқан елдердің валюталары құлдырауына әкелді. Ал Қазақстанда Қытай елі арасындағы сауда-саттық қатынастары отандық экспорттың 20% үлесін құрайды, сол себепті экспортқа шығарылатын тауарлардың бәсеке қабілетін қорғау үшін жүргізілді [5].

Әлемдегі экономикалық дағдарыс Қазақстанның сыртқы сауда айналымына кері ықпалын тигізді 2014 жылы теңгенің бағамын түзету нәтижесінде импорттың 15,6%-ға төмендеуі және экспорттың 7,8%-ға төмендеуі есебінен 10,5%-ға қысқарып, 119,4 млрд. АҚШ долларын құрады.

Ресей және ТМД бойынша Bank of America Merrill Lynch бас экономисті Владимир Осаковский айтуы бойынша теңге девальвациясын өткізу біразға кешікті, оны кейінге қалдырғаны экономика дамуына кері әсерін тигізді дейді, өйткені ұлттық валюта күшею салдарынан Ресей тауарлары ұтымды орынға шықты, осыдан ресейлік экспортқа Қазақстан шектеулер енгізді.

Ал керісінше пікір білдіруші «Аль-пари» инвестициялық компанияның сарапшысы Анна Бодрова «Курсив» арнасына берген сұхбатында, былай деді: «...еркін валюта бағамы қалқуы мемлекетке қолайлы болады, егер әртараптандыру экономикасы бар және сыртқы тәуекел жоқ болғанда кезде».

Қазақстан экономикасына келетін болсақ сыртқы тәуекел жоқ екендігі барлығына мәлім, бар болғанның өзінде өте төмен. Сонымен қатар елде әртараптандыру экономикасы қалыптаспаған, Қазақстан көп жылдар бойы шикізат экономикалық өндіріс жүйесінде болып келеді. Осыған байланысты Қазақстан Ұлттық банкімен жүргізілген жаңа ақша-несиелік саясаты қазіргі кезге лайықты емес. Бұл ақша саласында жүргізілген реформалар шығындарын халық қалтасынан төленеді, өйткені жыл басынан ұлттық валюта бағамы АҚШ долларына қатысты 31%-ға төмендеді. Салалық ерекшеліктеріне байланысты ұлттық валюта бағамы құнсыздануы риэлтор және қызмет көрсету секторына ең көп кері әсерін тигізді, ал пайдалы қазбаларды өндіру және энергоресурстар өңдеу секторына аз зиян тигізді, дейді» [6].

Кез келген мемлекет тарапынан жүргізілетін экономикалық реформалар, бұл бір сәтте әзірленіп жүзеге асырылатын шаралар емес, олар алдыңғы жинақталған тәжірибеге негізделген және зерттеу жолымен анықталған, жоспар түрінде енгізілетін әдістер мен құралдары.

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, 2015 жылы «17» маусымда № 122 «2020 жылға дейін Қазақстан Республикасының ақша-несиелік саясаты» реформалар жүргізу туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық банк Басқарма бағдарламасы мақұлданған. Сондықтан қазіргі кезде, қаржы нарығында Ұлттық банк жүргізетін ақша-несиелік саясаттың мақсаттары анық, алға қойылған нысандарына жету үшін жүргізілетін шаралар.

Әдебиеттер:

1. «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі ақша-кредит саясаты» ҚРҰБ Басқармасының 2015 жылғы «24» сәуірдегі № 67 қаулысымен мақұлданды. <http://www.nationalbank.kz/>
2. Моисеев С. Р. Денежно-кредитная политика: теория и практика: учеб. пособие - М.: Московская финансово-промышленная академия, 2011. - 784 с.
3. Ашимов А.А. Макроэкономический анализ и параметрическое регулирование национальной экономики. -М.: ФМЛ, 2011.-324с
4. <http://www.Tengrinews>
5. <http://www.rbc.ru>
6. <http://www.kursiv.kz>

НЕСИЕ ТӘУЕКЕЛІН БАСҚАРУ МЕНЕДЖМЕНТІ

Искаков Б.М, Берікұлы Д

«Тұран Астана» университеті, Астана қ.
Iskakov82@mail.ru

Банк ісіндегі тәуекел бұл банктің өз ресурстарының бір бөлігін жоғалту, белгілі бір қаржылық операцияны жүргізу барысында көзделмеген қосымша шығын шығару немесе табысты толық ала алмау қаупі. Тәуекелдің сандық көрсеткіші ретінде мөлшері жасалатын шараның қауіптілігі деңгейін көрсететін банктің шығыны мен тәуекел саласындағы стратегияның сапасы алынады. Кірістің кіруін банк қызметкерлері қауіпті әрекеттің мүмкін салдары ретінде қарастырмайды. Тәуекел мен шығын, бір жағынан, табыс табу мүмкіндігіне қарама қайшы қойылады, екінші жағынан кірістің пайда болу табиғаты қауіп табиғатынан өзгеше. Дұрыс басқара білгенде әжептәуір табыс әкелетін несиелік операциялары банк ісінде айрықша орын алады. Сондықтан, басқару көп жағдайда банк қызметінің тиімділігін анықтайтын несиелік тәуекелі, негізгі банк тәуекелі болып табылады. Несиелік тәуекелі, ең бірінші кезекте қаржы ресурстарын басқарумен байланысты экономикалық тәуекел болып табылады. Алайда, экономикалық тәуекелдің басқа түрлеріне қарағанда, оның өзіндік ерекшелігі – ол несиелік мен қарызды қабылдап алатын несиелік қозғалысымен байланыстылығы. Банк несиелік операцияларын өзінде бар ақша қаражатын орналастыру кезінде ғана емес, осындай қаржы көздерін құрау үшін де жасайды. Банктер белсенді операциялар жасап, несиелік алушыларға несиелер береді де, өздерінің борышкерлерінен несиені қайтарып алып, пассивті операциялар жүргізеді. Бұл жағдайда, банк өзі банкаралық нарық пен орталық банктен алатын қарызымен қоса, жеке салымшылар мен кәсіпорындарын сақтаудағы және есеп айырысу үшін қолданылатын есептік, ағымдағы, депозиттік және басқа да есепшоттардағы есептерінен ақшалай қаржы да тартады. Ақша тартудың мұндай түрі де қайтарылым принципіне, жеделдікке, ақылы және еріктілікпен болуына байланысты несиелік сипатқа ие, ал банк бұл жерде өз клиенттеріне борышкер ретінде қарастырылады [1].